Әділет

# "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қарақия аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 24 ақпандағы № 67 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 01 сәуірде № 2652 болып тіркелді. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 06 маусымдағы № 166 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Маңғыстау облысы Қарақия ауданы әкімдігінің 06.06.2016 № 166 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына, "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес, Қарақия ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі (М.Нұрмағанбетов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ә.Түркменбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Аудан әкімі* | *Ә. Дауылбаев* |

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қарақия аудандық сәулет және

қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік

мекемесі басшысының міндетін атқарушы
Нұрмағанбетов Мұхтар Дүйсенұлы
24 ақпан 2015 жыл.

Қарақия ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 24 ақпандағы
№ 66 қаулысымен бекітілген

## "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
## Ережесі
## 1. Жалпы ережелер

1. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қарақия ауданының аумағында сәулет және қала құрылысы саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі, мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өзінің атауымен мөрі мен мөртаңбалары бар, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен " Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сай бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, индекс 130300, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Құрық ауылы, Досан Батыр көшесі, № 6 үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы: "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

10. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Қарақия ауданының әкімдігі болып табылады.

11. Осы Ереже "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін каржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады .

Егер "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

14. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің жұмыс режимі "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес анықталады.

## 2. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

15. Миссиясы: ауданның сәулет және қала құрылысы қызметі саласында функцияларды жүзеге асыру.

16. Міндеттері:

1) толыққанды тіршілік ету ортаны қалыптастыру мақсатына сәулеттік және қала құрылысы шешімдерін әзірлеу мен іске асыруды қамтамасыз ету, аудан аумағын сәулеттік-қала құрылыстық дамыту мен ағымдағы және болашағы бар әлеуметтік-экономикалық кешенді міндеттерді шешуге бағытталған сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында мемлекеттік саясатты жүргізу;

2) жаңа және ескі құрылысты жобалау кезінде ауданның сәулеттік келбетінің сақталуын ескерумен кешенділікті қамтамасыз ету;

3) жерлерді, табиғи және материалдық ресурстарды тиімді және үнемді пайдалануды, қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін қала құрылысының жаңа ұстанымдары мен тәсілдерін енгізу;

4) қоғамдық орталықтар, алаңдар, көшелер, жаяу жүргіншілер аймақтары, тұрғын үй, мәдени-тұрмыстық кешендердің аяқталған сәулеттік ансамбльдерін құру.

17. Функциялары:

1) ауданның заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген бас жоспарын, заңнамада белгіленген тәртіппен аудан ықпал ететін аймаққа жатқызылған іргелес жатқан аумақтарда қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемасын іске асыру жөніндегі қызметті үйлестіру;

2) ауданның бас жоспарының жобасын, аудан шегін және шекараларын белгілеу және өзгерту жобаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

3) қала құрылысы құжаттамасын, сондай-ақ аудан аумағын абаттандырудың және инженерлік қамтамасыз етудің, құрылыс салудың қағидаларын бекіту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

4) тұрғын үй қорын, өзге де ғимараттар мен тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы құрылыстарды, инженерлік коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қорының жергілікті маңызы бар объектілерін сақтау және күтіп-ұстау қағидаларын бекіту бойынша жұмыстарды ұйымдастыру;

5) жоспарланған құрылыс салу не өзге де қала құрылысы өзгерістері туралы халыққа хабарлап отыру;

6) базалық деңгейде мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу, заңнамада белгіленген тәртіпте мемлекеттік қала құрылысы кадастры деректерін заңды және жеке тұлғаларға ұсыну, мемлекеттік қала құрылысы кадастрының дерекқорына енгізу үшін белгіленген тәртіппен ақпарат және (немесе) мәліметтер беру;

7) ауданның қала құрылысы жобаларын, егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобаларын іске асыру;

8) жер учаскелерін таңдауға қатысу, ведомстволық бағынысты аумақта құрылыс салуға немесе өзге де қала құрылысын игеруге арналған жер учаскелерін беру және алып қою бойынша ұсыныстар енгізу;

9) құрылыстарды, үйлерді, ғимараттарды, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу (кеңейту, техникамен қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу) туралы, сондай-ақ аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру мен көгалдандыру, құрылысты (объектіні) консервациялау, жергілікті маңызы бар объектілерді кейіннен кәдеге жарату жөнінде жұмыстар кешенін жүргізу туралы ұсыныстар әзірлеу;

10) тұрғын үй қорын, коммуникацияларды, тарих және мәдениет ескерткіштерін, мемлекеттік табиғи-қорық қорының объектілерін сақтауды және

олардың нормативтік күтіп-ұсталуына (қолданылуына, пайдаланылуына) бақылау жүргізуді ұйымдастыру;

11) салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізу;

12) объектілерді жобалау мен құрылысын салуға сәулет-жоспарлау тапсырмаларын беру;

13) жобалау құжаттамаларын сәулеттік-жоспарлау тапсырмасы тарапына сәйкестігін келісу;

14) сыртқы (көрнекі) жарнама объектілерін орналастыруға рұқсат беру және өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының жарнама туралы заңнамасының сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

15) мекен-жайларды беру және оларды "Мекен-жайлық тіркелім" ақпараттық жүйесіне тіркеу, оларды өзгерту және жою;

16) заңнамаға сәйкес құрылысты жобалау құжатынсыз (жобалау-сметалық) немесе жеңіл эскиздік жобалармен рұқсат берілетін объектілерді орналастыруды келісу;

17) заңнамаға сәйкес бөлме-жайлар немесе құрылыстарды өзгертуге техникалық күрделі емес топтарға жатқызу жөнінде шешімдерді қабылдау;

18) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында олармен азаматтық құқықты жүзеге асыру мәселесі бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштері мен арыздарын қарау және құзыреті шегінде шешімдер қабылдау;

19) сәулет-қала құрылысы кеңесін ұйымдастыру және жүргізу;

20) кадастрлық ақпаратты толықтыру, интеграциялау және сақтауды ( топографиялық материалдар) және оған қолжетімділік режимді қамтамасыз ету;

21) ауданды сәулеттік-көркемдік ресімдеу, көріктендіру және көгаландырудың кешенді бағдарламаларын әзірлеу;

22) мекеменің құзіреті шегінде аудан әкімнің және әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу;

23) барлық мемлекеттік органдардарда құзыреті шегінде мәселелерді қарауда мемлекеттің мүдделерін ұсыну;

24) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген өзге функцияларды жүзеге асыру.

18. Құқықтары мен міндеттері:

1) белгіленген тәртіпте әзірленген және бекітілген жобалау-жоспарлау құжаттамаларын бұзумен орындалған жұмыстың кез келген түрлерінің өндірісін тоқтату туралы заңнамамен белгіленген тәртіпте сәулет-құрылысты бақылау және қадағалау істері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсыныс енгізу;

2) сәулеттік қала құрылысы нормативтеріне және өзге де талаптарға сай келмейтін жобаларды, сәулет-жоспарлау тапсырмаларды бұзумен орындалған, сондай-ақ тиісті лицензиялары жоқ ұйымдар мен тұлғалармен әзірленген жобаларды келісуден бас тарту;

3) сәулеттік маңызы бар басты жоспарлардың, құрылыстардың, тұрғын аудандары мен аудан орталықтарын көгалдандырудың, жекелеген ғимараттар мен құрылыстардың эскиздік жобаларының орындалысын анықтау;

4) аудан әкімдігі мен жоғарғы ұйымдарға сәулет және қала құрылысы мәселелері бойынша ұсыныстар енгізу;

5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сай мемлекеттік заңды тұлғалардың құқық субъектілерін, оның ішінде тиісті саладағы уәкілетті органдардың құзіреттеріне ұқсас шешімдерді қабылдауға, акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріндегі қатысу үлестерін иелену мен пайдалану құқықтарын жүзеге асыру;

6) әрбір нақтылы жағдайда эскиздік жобаларды әзірлеу, сәулет, қала құрылыстық маңызы бар басты объектілердің нұсқалық және конкурстық жобаларын, жеке жобаларды әзірлеу немесе үлгі жобаларды қолдану орындылығын анықтау, оларға қажет жағдайда өзгерістер енгізу;

7) сәулет және қала құрылысы қызметін жүзеге асырған кезде мекендейтін және тіршілік ететін қолайлы ортаны қамтамасыз ету;

8) мекеме әзірлеуші болып табылатын аудан әкімі мен әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің құқықтық мониторингін жүзеге асыру және оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу немесе олардың күші жойылды деп тану жөніндегі шараларды уақтылы қабылдау;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да құқықтарды жүзеге асыру және басқа да міндеттерді орындау.

## 3. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

19. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

20. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын аудан әкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

21. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттігі:

1) дара басшылық ұстанымымен әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен анықталған өз құзыретіне сәйкес мекеме қызметінің мәселелерін өз бетімен шешеді;

2) белгіленген тәртіпте атқарушы органдардан мекеменің құзыретіне кіретін мәселелерді шешу үшін қажетті материалдарды сұратады және алады;

3) мекеменің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мүдделі ұйымдардың өкілдерін тартумен белгіленген тәртіпте кеңестер шақырады;

4) мекеме қызметкерлерінің өкілеттіктерін анықтайды;

5) мекеменің атынан сенімхатсыз іс-әрекет жасайды, барлық ұйымдарда оның мүдделерін ұсынады;

6) шарттар жасасады;

7) сенімхаттар береді;

8) банк есеп шоттарын ашады және заңнамаға сәйкес өзге мәмілелерді жасасады;

9) қызметкерлердің іссапарларының, сынақтан өтудің және біліктілігін арттырудың тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

10) мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан шығарады;

12) мекеме қызметкерлеріне мадақтау шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды және ол үшін дербес жауапкершілікте болады;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

"Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

## 4. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

22. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік және Қазақстан

Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## 5. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

25. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қарақия ауданы әкімдігінің қаулысы бойынша жүзеге асырылады.

26. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тіркеледі.

## 6. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату

27. "Қарақия аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК